

Спорт объектілердің төлем-өткізу және билет жүйесі жабдығын сыйға тарту шарты бойынша жеке меншіктен мемлекеттік меншікке қабылдауға келісу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 963 Қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 27-бабына және «Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Туризм индустриясы мен спортты қолдау қоры» корпоративтік қорының ұсынысына келісім берілсін:

1) теңгерімдік құны 62753373 (алпыс екі миллион жеті жүз елу үш мың үш жүз жетпіс үш) теңге «Сарыарқа» республикалық велотректің төлем-өткізу және билет жүйесінің жабдығы;

2) теңгерімдік құны 57404215 (елу жеті миллион төрт жүз төрт мың екі жүз он бес) теңге «Алатау» шаңғы және биатлон стадиондары кешенінің төлем-өткізу және билет жүйесінің жабдығы;

3) теңгерімдік құны 136096240 (жүз отыз алты миллион тоқсан алты мың екі жүз қырық) теңге «Астана Арена» жабық футбол стадионының төлем-өткізу және билет жүйесінің жабдығы сыйға тарту шарты бойынша республикалық меншікке қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағынан туындайтын қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*